

А. Сүлейменовтің «Бесатар» шығармасындағы еліктеу сөздер

Аңдатпа. Жиырмасыншы ғасырда өмір сүрген Асқар Сүлейменов – қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қаламгердің шығармалары өзгеше поэтикалық стилімен, айшықты тілімен ерекшеленеді. «Бесатар» атты шығармасы идеялық жаңалығы, ұлттық танымға деген жаңаша көзқарасы, поэтикалық тілі, стильдік ерекшелігі тұрғысынан қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар шығарма. «Бесатарда» қолданылған еліктеу сөздердің көптігі сонша шығарманың поэтикалық тілі мен эмоциялық бояуын қанық қылу барысында автордың бұл сөздерді мақсатты түрде қолданғанын байқау қиынға түспейді.

Бұл мақалада Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздер «Имитативтер теориясы» тұрғысынан талданып, жаңа түрде топтастырылады. Қазіргі түркі тілдеріндегі имитатив сөздер мен қазақ тіліндегі имитатив сөздерді салыстыра отырып зерттеу арқылы шығармадағы түркі тілдеріне ортақ еліктеу сөздер жеке-жеке көрсетіледі.

Жинақталған еліктеу сөздер жасалу жолына қарай еліктеуіштер және бейнелеуіштер, еліктеу сөз+көмекші етістік қолданылысы, түс атауларынан жасалған еліктеу сөздер түрінде топтастырылды. Еліктеуіштер мен бейнелеуіштер құрамына қарай дара және күрделі болып, ал құрылымдық даму аясына қарай жалаң түрде қолданылғандар, зат есімнің құрамында қолданылғандар, сын есімнің құрамында қолданылғандар және етістіктің құрамында қолданылғандар түрінде жинақталып, талданды. Түркі тілдеріне ортақ еліктеу сөздер мен тек қазақ тілінде кездесетін еліктеу сөздер екі топта көрсетілді.

Түйін сөздер: еліктеу сөздер, Асқар Сүлейменов, Бесатар, имитативтер теориясы, ономотопея.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-127-137>

Түсті: 31.05.2024; Жөнделді: 7.06.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Асқар Сүлейменов – ХХ ғасырда өмір сүрген, жаңашыл бағытта қалам тербеп, тың тақырыптарды қолға алған қазақ халқының алдыңғы қатарлы қаламгерлерінің бірі. Біз зерттеу объекті ретінде алып отырған «Бесатар» шығармасы жайлы бір пікірінде «Бесатар – психологиялық әңгіме», – дейді Төлеген Тоқберген [1; 284]. Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасы – әрі психологиялық, әрі философиялық негізде жазылған шығарма. Шығармада оқиғаларға, жалпы сюжетке терең эмоционалды сезіммен берілген көзқарастарға куә боламыз. Шығарма баршаға таныс жалпы прозалық әңгімелеу, баяндау түрінде емес, кейіпкерлердің монологы арқылы өрбиді. Бәрі бір аумақта, бір жерде отырғанымен, әр кейіпкердің уақыт пен кеңістіктегі рухани күйі бөлек-бөлек бейнеленген [2; 3]. Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасы идеялық жаңалығы, ұлттық танымға деген

жаңаша көзқарасы, поэтикалық тілі, стильдік ерекшелігі тұрғысынан қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар шығарма. «Бесатарда» қолданылған еліктеу сөздердің көптігі сонша шығарманың поэтикалық тілі мен эмоциялық бояуын қанық қылу барысында автордың бұл сөздерді мақсатты түрде қолданғанын байқау қиынға түспейді.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – Асқар Сүлейменовтің ХХ ғасырда жазылған «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздерге Әбдуәли Қайдардың «Имитативтер теориясы» еңбегі тұрғысынан құрылымдық талдау жасау, түркі тілдеріне ортақ еліктеу сөздерді анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздер басты назарға алынды. Зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес құрылымдық-сөзжасамдық, этимологиялық, салыстырмалы анализ әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

ХХ ғасырдың басында ең алғаш Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Қазақ ғалымдары «еліктеу сөздер» деп атап, одағай сөздердің қатарына жатқызған еліктеу сөздер уақыт өте келе одағайлардан бөлініп шығып, жеке сөз табы ретінде қарастырыла бастағаны белгілі. Еліктеу сөздер – табиғатта болып жатқан құбылыстарды, адамның жасаған әрекеттерін, жанды немесе жансыз заттардан шыққан дыбыстарды еліктеу жолы арқылы сипаттау, бейнелеу міндетін атқаратын сөздер. Ойды жеткізуде, мәнерлі сөйлеуде, экспрессияда суреттеу мен сипаттаудың маңыздылығын ескерер болсақ, еліктеу сөздердің функциялық маңызы жайлы қорытынды жасау қиын емес. Тілдің негізгі қызметі – жағдайды, сезімді, ойды, фактіні немесе оқиғаны екінші бір тарапқа яки екінші бір адамға жеткізу. Ал өзіне ғана тән экспрессивтік ерекшеліктері арқылы еліктеу сөздер сөзді «объектендіру» қасиетіне ие болып қана қоймай, оларға «жан» береді деуге болады. Осындай ерекшеліктеріне байланысты еліктеу сөздер әлемдік тілдерде де, түркі тілдерінде де кеңінен қолданылатын сөздер қатарына жатқызылады. Олар әр тілдің өзіне ғана тән болып келеді. Мәселен қазақ тілінде үрген иттің дауысы *arc-arc* сөзімен берілетін болса, түрік тілінде *xav-xav*, ағылшын тілінде *woof-woof*, орыс тілінде *gav-gav*. Әрине тілдің кез-келген сөзі өзіне ғана тән болып келуі таң қаларлық құбылыс емес, қалыпты жағдай. Десе де, еліктеу сөздердің әр тілдің өзіне ғана тән болуы әр тілдің табиғат құбылыстарын, қоршаған ортадағы жаратылыстардың дыбысын өз танымына салып пайымдайтынын, соған сай дыбыстандыратынын көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген мысалдағы фонетикалық айырмашылықтар мұның дәлелі бола алады. Яғни еліктеу сөздер – әр тілдің ішкі заңдылықтарына сай қалыптасатын сөздер.

Еліктеу сөздер тіл білімінде түрлі-түрлі атауда қолданылып келді. Грек тілінен енген *onomatopoeia/onomatoroeia* термині «ὄνομα» (*onoma/noma*) «ат» және «ποιέω» (*poieo*) «жасау, істеу» дегенді білдіреді. Яғни *onomatoroeia* сөзбе-сөз аударғанда «ат қою» немесе «дыбыс жасау» деп аударылады. Ағылшын тілінде *echo words* «жаңғырық сөздер», *reduplicative words* «қайталама сөздер», *imitative words* «имитатив сөздер», *soundsymbolism* «дыбыстық символизм» терминдері, неміс тілінде *lautsymbolik* «дыбыстық символизм», *lautbild, lautmalerei* «ономатопея» терминдері, түрік тілінде *yansima sözcükler, yansimalı kelimeler* «шағылысқан сөздер», *taklidî kelimeler* «еліктеу сөздер» терминдері, орыс тілінде *подражательные* «еліктегіштер», *звукоподражательные* «дыбыстық еліктегіштер», *мимология* терминдері қолданылады.

Осы күнгі түбір сөздердің барлығы бастапқы еліктеме сөздердің дыбыстық түйдектерінен шығатынын алға тартқан А. Ысқақов еліктеу сөздерге қатысты өз тұжырымдамасында көптеген еліктеу сөздердің уақыт өте келе дамып, алдыңғы мағынасын өзгертіп, басқа мағынаға ие болу арқылы бөлек бір лексикалық категорияға ауысып отыратынын баяндайды [3; 17].

Ал академик Әбдуәли Қайдар «Имитативтер теориясына» қатысты өз пікірінде олардың мағыналық өзгеріске ішінара ұшырайтынын мойындай отырып, бірақ сонда да

бастапқы ілкі түбірден (бір буынды моносиллабтан) тарап, тарамданып, дамып, күрделене түскен туынды тұлғалы еліктеуіштерді, індетте зерттегенде, олардың өзінің бастапқы түбірімен логикалық, уәждік, этимологиялық жалғастығын, байланысын мүлдем үзіп кетпейтіндігін ескеру қажет екенін айтады [4; 17].

Демек еліктеу сөздердің өзгеріске ұшырауы немесе дамуы себепсізден себепсіз іске асырылатын процесс емес.

Еліктеу сөздерді табиғаттағы дыбыстарға немесе белгілі бір іс-әрекетке еліктеу арқылы сол дыбысқа берілген атау, есім деп түсіндіруге де болады. «Түрікшедегі еліктеу сөздер» атты еңбегінде Хамза Зұлфикар бұл атаудың қалыптасу процесінің екі маңызды аспектісі бар екенін айтады. Біріншіден, естілген табиғи дыбыстарға деген қызығушылық негізгі түбірдегі бірінші немесе екінші формалардың шекарасында қалып, шеңберінен шықпай, туынды жұрнақтар арқылы толықтырылады. Екіншіден, кез келген табиғи дыбыстың пайда болуына себепші болатын бүкіл қозғалыс ұстанылып, атау әр түрлі шудың стилі мен шығу негізіне сәйкес келетін дыбыстармен жасалады [5; 1]. Еліктеу сөздердің жасалу процесінде табиғи дыбыстар арасындағы байланысты жеңілдету, үйлесімді дыбыстарды көршілес қолдану тәсілі үнемі басты назарға алынып отырғанын көруге болады.

Еліктеу сөздер адамдардың өз тілінің мүмкіндіктеріне қарай сыртқы дүниеден естіп, қабылдаған, сезінген дүниелеріне еліктеу немесе суреттеу арқылы шығарған дыбыстардан құралатын тілдік бірлік деуге болады. Бұл тілдік бірліктер тілде жеке дара немесе зат есім, етістік жұрнақтарымен кеңейтіліп жұмсалады. Еліктеу сөздер түбірлік тұрғыдан есім сөздердің сипатына ие [6; 402]. Дегенмен, түркі тілдеріндегі еліктеу сөздердің зат есім, сын есім, етістік жұрнақтарының жалғануы арқылы осы үш сөз табының орнына да қолданылып жүргенін көруге болады.

Түркі тілдеріндегі еліктеу сөздерді ғалымдар мағыналық сипатына, құрылымына қарай сан түрлі топтарға жіктеп келді.

Бұлардың ең негізгісінің бірі:

- 1) Дыбыс еліктемелі сөздер (еліктеуіштер);
- 2) Пішін еліктемелі сөздер (бейнелеуіштер);
- 3) Сезімдік, интуициялық еліктеме сөздер [7; 56].

Ал Дуйгу Кут Джанжуа еліктеу сөздерді шығу тегіне қарай жануарлардың дыбыстары, табиғат құбылыстарының ішіндегі дыбыстар мен жағдайлар, заттардан шығатын дыбыстар, заттардың қозғалысы мен қимылдары, заттардың пішіні мен сапасы, адамның іс-әрекеті, адамның дауысы мен дыбыстары, адамдардың физикалық ерекшеліктері, адамдардың денсаулық жағдайы, адамдардың қатысымен және қатысынсыз болатын жағдайлар, адамдардың сыртқы көрінісі, эмоциялары мен сезімдері түрінде топтастырады [8; 9].

Ахмеди Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі: морфология» атты еңбегінде еліктеу сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланысты болса, екінші тобының семантикалық мағыналары сол табиғаттағы әр қилы табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты екенін және сол себептен бұл сөздердің іштей екі топқа бөлінетінін, бір тобы еліктеуіш (еліктеме) сөздер деп, екінші тобы бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп аталатынын айтады [9; 345]. Яғни еліктеу сөздерді екі топқа жіктеу керектігін алға тартқан.

Таһсин Бангуоглу «Түрікшенің грамматикасы» атты оқулықта еліктеу сөздерді құрылымдық жағынан одағай сөздерге ең жақын сөздер деп атап, одағай сөздердің қатарында береді. Сонымен қатар, бейнелеуіш сөздер және еліктеуіш сөздер түрінде екі топқа жіктейді. Бірақ бұл жіктеуде бейнелеуіш сөздер әрі дыбыстың, әрі қимылдың тілмен жасалған бейнесі ретінде, еліктеуіш сөздер тек қана жан-жануарлардың, тілі енді шығып келе жатқан балалардың сөздері ретінде сипатталады [6; 403].

Ал Хамза Зұлфикар түрік тіліндегі еліктеу сөздерді тұлғалық (құрамдық) жағынан екі топқа бөліп қарастырады: бастапқы формалар (ілкі түбірлер) және қосалқы (екінші) формалар. Бастапқы формалар дегеніміз – табиғаттағы дыбыстардан тікелей туындап, ілкі түбір түрінде қалыптасқан еліктеу сөздер екенін (sız, çat, hır, gü. ...) және бір оқиға мен бір

қимылы арқылы жасалған дыбыстың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін көптеген бастапқы формалардың құрылымдары -іг (-іг, -иг, -іү) ve -іл (-іл, -ул, -іү) жұрнақтарының жалғануы арқылы қосалқы формаларға ие болатынын баяндайды [5; 7]. Өз кезегінде Зейнеп Коркмаз да бұл топтастыруды қуаттағанын көруге болады [10; 248].

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Әбдуәли Қайдар «Имитативтер теориясы» атты еңбегінде еліктеу сөздердің бастапқы формалары, яғни ілкі түбірлерінің кезінде өте кең, абстрактылы мағынаға ие болғандығынан бір ілкі түбірден кейде жиырмаға жақын мағыналас яки мағынасы жақын түбірлес тұлғалардың тарағанын айтады.

Ал ілкі түбірлердің құрамы жайлы өз кезегінде екі құрамдық элементтен (ГС, СГС түрінде) тұратын жабық буын болуы керек екенін жазады. Екі құрамдық элементтің алғашқы сыңарына табиғат құбылыстарының дыбыстық рефлекстері, екінші сыңарына оларға мағына жүктейтін идеофондар кіреді. Қайдар осы екі құбылысты еліктеу сөздердің морфемалық екінші даму деңгейі ретінде көрсетеді. Ал үшінші деңгейінде еліктеу сөздер бірінші дәрежелі индикаторларды қабылдаса, төртінші деңгейінде екінші дәрежелі индикаторлармен бірлеседі. Еліктеу сөздердің дамуының бесінші деңгейінде оларға үшінші дәрежелі индикаторлар жалғанатынын айтқан академик Ә.Қайдар, бұл бесінші деңгей әлем тілдерінің көбінде кездеспейтінін, қазақ тілінде де сирек қолданылатынын жеткізеді [4; 20]. Яғни осы кезеңнен кейін еліктеу сөздер өзінің есім сөз ретіндегі дамуын толық аяқтаған болып саналмақ. Өйткені үшінші дәрежелі индикатордан кейін еліктеу сөздер етістік көрсеткішін қабылдап барып грамматикалық басқа формаға ауысатынын көреміз. Мысалы: *жа+Л +П+ал+ақ+та-, *кө+Л +Б+ел+ең+де-, ж.т.б.

Әбдуәли Қайдар айтып отырған екі құрамды ілкі түбірге жалғанатын бірінше дәрежелі индикатор табиғат құбылыстарынан туған дыбыстық рефлекске тік вертикальді бағытта дыбыстық соққы жасау арқылы бірқалыпты әрі созылмалы болып тұрған алдыңғы дыбысты кесу, үзу, жылдамдату, қатқылдандыру мақсатында жұмсалады. Мысалы: *дүңк*>*дүүүүүң*+К, *гүрс*>*гүүүүүр*+С. Ал бұдан кейін жалғанатын екінші дәрежелі индикатор горизонтальді бағытта жалғанып, дыбыстың көшірмесі болып отырған еліктеу сөзді кеңістікке жаяды. Мысалы: *дүңк*+іл, *гүрс*+іл, *тар*+с+ыл. Ал осыдан кейін етістік формасына өту арқылы қалыпты тілдік нормаға айналады: *тар*+с+ыл+да-, *гүрс*+іл+де-. Хамза Зүлфикардың да құрамдық топтастыруында осыдан кейін еліктеу сөздердің жеке дара құрамдық дамуы тоқтайды. Ал еліктеу сөздерді қазақ тіліне негіздей отырып зерттеген Ә.Қайдар үшінші дәрежелі индикатор қабылдайтын сөздердің де бар екенін көрсеткен. Яғни қазақ тіліндегі кей еліктеу сөздер үшінші дәрежелі индикатор алу арқылы еліктеу сөз ретінде дамуын жалғастыруы да мүмкін: *жал*+п+ал+ақ, *көл*+б+ел+ең. Ал осыдан кейін еліктеу сөз ретіндегі дамуы толық аяқталып, етістік формасын қабылдайды: *жал*+п+ал+ақ+та-, *көл*+б+ел+ең+де-.

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздерді құрамдық тұрғыдан осы қалыпқа салу арқылы зерттеу барысында оларды жалаң түрде қолданылғандар, зат есімнің құрамында қолданылғандар, сын есімнің құрамында қолданылғандар және етістіктің құрамында қолданылғандар деп бірнеше топқа бөліп көрсетуді жөн көрдік.

Жалаң еліктеу сөздер негізгі және туынды түрде болады. Негізгі еліктеулер дыбыстар мен бейнелердің атаулары есебінде жұмсалатын бір буынды түбір сөздер болып келеді. Туынды еліктеу сөздер негізгі еліктеу сөздерден немесе басқа атауыш сөздерден белгілі жұрнақтар арқылы жасалады, екі немесе үш буынды болып келеді [11; 252]. Бірақ «Бесатарда» қолданылған туынды еліктеу сөздердің қалыпқа айналып, зат есімнің, сын есімнің, тіпті кейде етістіктің функциялық қызметтеріне ие болғанын көруге болады. Сол себепті еліктеу сөздерді топтастыру барысында осы қасиеттерін ескеруді жөн көрдік.

Еліктеу сөздер – табиғаттағы дыбыстардың затпен, оқиғамен немесе іс-әрекетпен байланысып қолданылуы. Олар көркем әдеби шығармаларда, прозада, өлеңдерде табиғаттағы дыбыстарды, қимылдарды сипаттау арқылы шешендік өнерді көрсетудің

бір түрі ретінде жиі қолданылады. Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздер де, шығарманың көркемдік құндылығын арттыруға қызмет ететінін көруге болады. Бұған бірден бір дәлел – шығармадағы еліктеу сөздердің сан-алуандығы. Еліктеу сөздер жасалу жолына қарай еліктеуіштер және бейнелеуіштер түрінде екі топқа жіктеледі.

«Бесатар» шығармасында жалаң түрде қолданылған дара еліктеуіштер өзінен кейін келген көмекші етістікпен қатар қолданылады:

Қатты шалқайған екен, қалпағы да түсіп қалды, екі шекесіне және бұрқ етіп мұздай тер мені [12; 43].

а) «Бесатарда» жалаң түрде қолданылған түркі тілдеріне ортақ дара еліктеуіштер:

бұрқ (бұр+қ+ө) түрікше *fıkrdamak*, әзербайжанша *riggildamak*, башқұртша *былт-былт*, қазақша *бұрқылдау*, қырғызша *буркулдан*, татарша *былт-былт*, ұйғырша *poruklimak*

гүрс (гүр+с+ө) әзербайжанша *gurultu*, башқұртша *гөрһөл*, қазақша *гүрсіл*, қырғызша *калдыр*, күлдүр өзбекше *güldiräş*, татарша *гөрсилдау*, түрікменше *gürürdi* ұйғырша *güldüräş*

тарс (тар+с+ө) қазақша *тарсылдау*, қырғызша *тарсылдө*, өзбекше *täkirlämäk*

шырт (шыр+т+ө) түрікше *çıt*, әзербайжанша *çirt*, башқұртша *сылт*, қазақша *шырт*, қырғызша *чырт*, өзбекше *şirt*, татарша *чылт*, түрікменше *şirt*, ұйғырша *çirt*

шыңқ (шың+қ+ө) түрікше *ğangirtı*, әзербайжанша *cingiltı*, башқұртша *şınğırav*, қазақша *шыңқыл*, қырғызша *шангыр*, өзбекше *cäräng*, татарша *шынгырдау*, түрікменше *çınnırdı*, *şannırdı*

ә) «Бесатарда» жалаң түрде қолданылған басқа түркі тілдерінде кездеспейтін дара еліктеуіштер:

дүңк (дүң+к+ө), **кірт** (кір+т+ө), **қарш** (қар+ш+ө), **мыңқ** (мың+қ+ө), **мырс** (мыр+с+ө), **сарп** (сар+т+ө), **сұрт** (сұр+т+ө), **таңқ** (таң+қ+ө), **уыжж** (уыж+ж+ө), **ыңқ** (ың+қ+ө)

Зат есімнің құрамында қолданылған дара еліктеуіштер. Еліктеуіш сөздерге +ыр, +Ыл, +*ың секілді т.б. жұрнақтардың жалғануымен зат есім жасалады.

а) Түркі тілдерінде кездесетін еліктеуіштер:

сылдыр (сыл+д+ыр+ө) түрікше *şıkırdamak*, әзербайжанша *şiggildamağ*, башқұртша *сылтырау*, қазақша *сылдырау*, қырғызша *сынгырө*, татарша *салтырау*, *чылтырау*, түрікменше *şınnırdamak*, ұйғырша *caranlımak*

шыңыл (шың+ыл) түрікше *şınlamak*, әзербайжанша *şingildämäk*, башқұртша *шынлау*, қазақша *шыңылдау*, қырғызша *чынчынетү*, өзбекше *cäränglämäk*, татарша *чынлау*, түрікменше *şınnırdamak*, ұйғырша *zinildimak*

ызың (ыз+ың) түрікше *vızıl*, әзербайжанша *vızıl*, башқұртша *бизил*, қазақша *ызың*, қырғызша *бызыл*, өзбекше *vızıl*, татарша *бизил*, түрікменше *vızıl*, ұйғырша *vijil*, гагаузша *brın*

ырыл (ыр+ыл) түрікше *hırlamak*, әзербайжанша *tırıldamağ*, башқұртша *ырылдау*, қазақша *ырылдау*, қырғызша *ырылдө*, өзбекше *irillämäk*, түрікменше *hırlamak*, ұйғырша *hirildimek*, гагаузша *hırlamaa*, қарашай-балқарша *k'uruldau*

ә) Тек қазақ тілінде кездесетін еліктеуіштер: **дүрсіл** (дүр+с+іл), **қарқыл** (қар+қ+ыл), **парыл** (па+р+ыл), **суыл** (су+ыл), **ыза** (ыз+а), **ызбар** (ыз+бар), **ызғар** (ыз+ғар), **ым** (ым+ө)

Сын есімнің құрамында қолданылған дара еліктеуіштер. «Имитативтер теориясы» еңбегінде академик Әбдуәли Қайдар айтып отырған екі құрамды ілкі түбірге жалғанатын бірінші дәрежелі индикатор табиғат құбылыстарынан туған дыбыстық рефлекске тік, вертикальді бағытта дыбыстық соққы жасау арқылы бірқалыпты әрі созылмалы болып тұрған алдыңғы дыбысты кесу, үзу, жылдамдату, қатқылдандыру мақсатында жұмсалады. Ал бұдан кейін жалғанатын екінші дәрежелі индикатор горизонтальді бағытта жалғанып, дыбыстың көшірмесі болып отырған еліктеу сөзді кеңістікке жаяды. Ал осыдан кейін етістік формасына өту арқылы қалыпты тілдік нормаға айналады. «Бесатар» шығармасында қолданылған еліктеуіштердің етістік формасына еніп барып, қалыпты тілдік нормаға айналған соң сын есім формасына өткенін көруге болады:

бортылдақ (бор+п+ыл+да+қ)

пысылдақ (пы+с+ыл+да+қ)

шіңкілдек (шің+к+іл+де+к)

Етістіктің құрамында қолданылған дара еліктеуіштер. Екінші дәрежелі индикатор горизонтальді бағытта жалғанып, дыбыстың көшірмесі болып отырған еліктеу сөзді кеңістікке жайғаннан кейін етістік формасына өту арқылы қалыпты тілдік нормаға айналады. «Бесатар» шығармасындағы етістіктің құрамында қолданылған дара еліктеуіштердің қазіргі түркі тілдерінің ауқымды бөлігінде кездесетінін көруге болады.

а) Түркі тілдерінде кездесетін еліктеуіштер:

абалас- (аба+ла+с) түрікше *havlamak*, ұйғырша *havlimak*

бүлкілде- (бүл+к+іл+де-) татарша *бүлкілдәу*, башқұртша *бүлкілдәу*

лоқсы- (лоқ+сы) түрікше *öğürmek*, әзербайжанша *öyümäk*, башқұртша *укшыу*, қазақша *лоқсу*, қырғызша *окшү*, өзбекше *оҳситмак*, татарша *укшу*, түрікменше *өгетек*, ұйғырша *ohsumak*

лықылда- (лық+ыл+да) түрікше *lıkırdamak*, әзербайжанша *laggıldamağ*, қазақша *лықылдау*, түрікменше *lıkırdamak*, ұйғырша *poruklimak*

сарқыра- (сарқ+ыра) түрікше *şarıltı*, әзербайжанша *şırıltı*, башқұртша *сілтпйрау*, қазақша *сарқырау*, қырғызша *шар-шар етү*, өзбекше *sildiräş*, татарша *чытырау*, түрікменше *şırıldı*, ұйғырша *şirildaş*

сықырла- (сықыр+ла) түрікше *şıcırdatmak*, әзербайжанша *şırıldamağ*, башқұртша *шыгырдау*, қазақша *сықырлау*, *шықырлау*, татарша *шыгырдау*, түрікменше *şığıldı*, ұйғырша *şaçırlaş*, *şıçurlaş*

сылдыра- (сылдыр+а) түрікше *şingırdamak*, әзербайжанша *şingıldämäk*, башқұртша *шылтырау*, *чынлау*, қазақша *сылдырлау*, қырғызша *шыңгырөө*, өзбекше *çäränklämäk*, татарша *шылтырау*, *чынлау*, түрікменше *şınırdamak*, ұйғырша *cirinlimak*

үрi- (үр+i) әзербайжанша *hürmäk*, башқұртша *өрөу*, қазақша *үрiу*, қырғызша *үрү*, өзбекше *hürmäk*, татарша *өрү*, түрікменше *үрүтөк*

ысқыр- (ыс+қыр), қазақша *ысқыру*, қырғызша *ышқыруу*, түрікше *ışık*

ә) Тек қазақ тілінде кездесетін еліктеуіштер:

осқыр- (ос+қыр), **аңтарыл-** (аң+тар+ыл), **аһле-** (аһ+ле), **жырт-** (жыр+т), **күрсілде-** (күр+с+іл+де), **қақал-** (қақа+л(а)+у), **қақыр-** (қа+қы+р), **лоблы-** (лоб+лы), **лүпілде-** (лүп+іл+де), **оқыра-** (оқыр+а), **осып-** (ос+ып), **өкір-** (ө+кір), **пысқыр-** (ат үшін) (пыс+қыр), **сатырла-** (сатыр+ла), **сыздықтат-** (сыз+дық+та+т), **сыңсы-** (сың+сы), **үілде-** (үіл+де), **үһлес-** (үһ+ле+с), **шорылда-** (шор+ыл+да), **шыжы-** (шыж+ы), **ызалан-** (ыз+а+лан), **ыңылда-** (ың+ыл+да), **ыңырсы-** (ың+ыр+сы), **ырсылда-** (ыр+сыл+да), **ырылда-** (ыр+ыл+да), **ысылда-** (ыс+ыл+да).

Күрделі еліктеуіштер. Екі немесе одан да көп түбірден құралған еліктеуіштер – күрделі еліктеуіштер. «Бесатар» шығармасында қолданылған күрделі еліктеуіштердің қайталама жолы арқылы пайда болғанын көруге болады. Мұндай еліктеуіштер дыбыстың жылдамдығы мен жиілігі жайлы ақпарат беру мақсатында қолданылады:

ажылдасып-шажылдасу (аж+ыл+да+с+ып-шаж+ыл+да+с+у)

арп-арп (ар+п-ар+п)

баж-баж (ба+ж-ба+ж)

борт-борт (бор+т-бор+т)

бұрқ-бұрқ (бұр+қ-бұр+қ)

бырт-бырт (быр+т-быр+т)

дүңк-дүңк (дүң+к-дүң+к)

күрп-күрп (күр+п-күр+п)

күтір-күтір (күт+ір-күт+ір)

кірш-кірш (кір+ш-кір+ш)

қырт-қырт (қыр+т-қыр+т)

сырт-сырт (сыр+т-сыр+т)

сытыр-сытыр (сыт+ыр-сыт+ыр)

тақ-тақ (та+қ-та+қ)

таңқ-таңқ (таң+қ-таң+қ)

Бейнелеуіш сөздер/бейнелеуіштер – қимылды, іс-әрекетті бейнелеу мақсатында сол қимылға еліктеу жолы арқылы жасалған сөздер. Бейнелеуіштердің еліктеуіштерден айырмашылығы – еліктеудің есту қабілеті емес, көру қабілеті арқылы сипатталуында.

Бейнелеуіш сөздер де құрамына қарай дара және күрделі болып екі топқа бөлінеді. Дара бейнелеуіштер – бір ғана түбірден құралатын негізгі және туынды сөздер. «Бесатар» шығармасында қолданылған дара бейнелеуіштерді мәтінде жұмсалып аясына қарай, жалаң түрде қолданылған дара бейнелеуіштер, зат есімнің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер, сын есімнің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер және етістіктің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер түрінде бірнеше топқа жіктеуге болады. Шығармада кездесетін бейнелеуіш сөздер тек қазақ тілінде қолданысқа ие екенін көреміз. Басқа түркі тілдерінде кездеспейді.

Жалаң түрде қолданылған дара бейнелеуіштер. «Бесатар» шығармасында жалаң түрде қолданылған дара бейнелеуіштер өзінен кейін келген етістікпен қатар қолданылады:

Дөңгелек үстелді шеңбер сызып айналып жүрген Крейгель мұның алдынан қиыс өтіп бара жатып қалт тұрып қалды [12; 48].

«Бесатарда» қолданылған жалаң түрдегі дара бейнелеуіштер:

қалт (қал+т+Ø), **жалт** (жал+т+Ø), **лап** (ла+п+Ø), **леп** (ле+п+Ø), **мұңк** (мұң+к+Ø), **сылқ** (сыл+қ+Ø), **сылп** (сыл+п+Ø), **елең** (ел+ең+Ø), **қылт** (қыл+т+Ø), **селк** (сел+к+Ø)

Зат есімнің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер. Зат есімнің құрамында қолданылған екі бейнелеуіш сөз кездеседі. **Бұлаң** (бұл+аң) «қу» сөзі бастапқыда жалаң бейнелеуіш түрінде қолданылып, кейін зат есім қалыбына айналғанын көреміз. **Жалтыл** (жал+т+ыл) сөзі зат есім жасаушы +ыл жұрнағының көмегімен жасалған.

Сын есімнің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер. «Бесатар» шығармасында сын есімнің құрамындағы төмендегідей бейнелеуіш сөздер кездеседі:

бортық (бор+т+тық+Ø), **бұжыр** (бұж+ыр+Ø), **жалпақ** (жал+п+ақ+Ø), **селдір** (сел+д+ір+Ø), **сылаң** (сыл+аң+Ø).

Етістіктің құрамында қолданылған дара бейнелеуіштер. «Бесатар» шығармасында етістіктің құрамындағы төмендегідей бейнелеуіш сөздер кездеседі:

абдыра- (аб+дыр+а-), **алақта-** (ал+ақ+та-), **арқыра-** (ар+қ+ыр+а-), **бөрт-** (бөрт+т-), **бық-** (бы+қ-), **быршып-** (быр+ш+ып-), **бытыра-** (быт+ыра-), **жалпылда-** (жал+п+ыл+да-), **изе-** (*и+зе-), **лықсы-** (лық+сы-), **лытылда-** (лып+ыл+да-), **парла-** (пар+ла-), **сылаңда-** (сыл+аң+да-), **салаңда-** (сал+аң+да-), **сілкі-** (сіл+к+і-), **тарпы-** (тар+п+ы-), **тырыс-** (тыр+ыс-), **ыршы-** (*ыр+шы-), **ытқы-** (ыт+қы-).

Екі немесе одан да көп түбірден құралған бейнелеуіштер – күрделі бейнелеуіштер. «Бесатар» шығармасында қолданылған күрделі бейнелеуіштер қосарлама, қайталама жолдары арқылы пайда болғанын көруге болады. Мұндай бейнелеуіштер іс-қимылдың жылдамдығы мен жиілігі, жайылмалылығы жайлы ақпарат беру мақсатында қолданылады.

айғыз-айғыз	(ай+ғыз-ай+ғыз)
апақ-сапақ	(ап+ақ-сап+ақ)
апыл-тапыл	(ап+ыл-тап+ыл)
апыл-құпыл	(ап+ыл-құп+ыл)
арбаңдап-қорбаңдап	(арбаң+да+п-қорбаң+да+п)
бұға-бұға	(бұқ+а-бұқ+а)
бүріп-бүріп	(бүр+іп-бүр+іп)
білем-білем	(біл+ем-біл+ем)
жылт-жылт	(жыл+т-жыл+т)
қарпып-қарпып	(қарп+ып-қарп+ып)
мытып-мытып	(мыт+ып-мыт+ып)
селтең-селтең	(селт+ең-селт+ең)
удар-дудар	(у+дар-ду+дар)
ұйна-тұйна	(ұй+па-тұй+па)

шұнаң-шұнаң (шұн+аң-шұн+аң)
шым-шым (шым-шым)

Еліктеу сөз+көмекші етістік. «Бесатар» шығармасының мәтінінде еліктеу сөздер етістікпен, көмекші етістікпен тіркес күйінде келіп қолданылады. Бірақ төмендегі төрт мысалда еліктеу сөздердің көмекші етістікпен бірігіп кетіп, жаңа қалыпқа айналғанын көруге болады:

елпекат- (елп+ек+ат-) «*бәріне келісу, құрақ ұшу*»

жапақет- (жап+ақ+ет-) «*көз қысу*»

селтет- (селт+ет-) «*күтпеген қимыл жасау, үркіп қалу*»

былшетпе- (былш+ет+пе-) «*ешқандай әрекет жасамау, дым білмегендей отыру*»

Түс аттарынан жасалған еліктеу сөздер (бейнелеуіштер). «Бесатар» шығармасында ақ және қара сөздеріне белгілі бір жұрнақтардың жалғануы арқылы бейнелеуіш сөздердің жасалғанын көруге болады. Бұл формадағы 4 сөз кездеседі.

ағараңда- (ақ+ар+аң+да-)

ақжи- (ақ+*ж(ы)+и-)

ақси- (ақ+*с(ы)+и-)

қараңда- (қара+*(а)ң+да-)

Нәтижелер

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасындағы еліктеу сөздерді «Имитативтер теориясы» еңбегі тұрғысынан талдау негізінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- тіл біліміндегі еліктеу сөздердің зерттелуі және ғалымдардың пікірлері ұсынылды;
- түркітанушылардың еңбектеріндегі түркі тілдеріндегі еліктеу сөздердің жасалу барысына жүргізілген құрылымдық талдау жұмыстарына шолу жасалды;

- «Бесатар» шығармасындағы еліктеу сөздерге классификация жасалды: жасалу жолына қарай еліктеуіштер, бейнелеуіштер, еліктеу сөз+көмекші етістік және түс аттарынан жасалған еліктеу сөздер, құрамына қарай дара және күрделі, ал құрылымдық даму аясына қарай жалаң түрде қолданылғандар, зат есімнің құрамында қолданылғандар, сын есімнің құрамында қолданылғандар және етістіктің құрамында қолданылғандар, түркі тілдеріне ортақ еліктеу сөздер мен тек қазақ тілінде кездесетін еліктеу сөздер түрінде көрсетілді;

- еліктеу сөздердің жасалу ерекшеліктері, түбір, түрленген, еліктеу сөз+көмекші етістік түрінде жасалуы, морфологиялық өзгеріске түскен еліктеу сөздердің құрылымдық даму негіздері көрсетілді;

- «Бесатар» шығармасының мәтінінде еліктеу сөздер етістікпен, көмекші етістікпен тіркес күйінде келіп қолданылады. Бірақ төмендегі төрт мысалда еліктеу сөздердің көмекші етістікпен бірігіп кетіп, жаңа қалыпқа айналып қолданылғаны анықталды: елпекат (елп+ек+ат-) «*бәріне келісу, құрақ ұшу*», жапақет (жап+ақ+ет-) «*көз қысу*», селтет (селт+ет-) «*күтпеген қимыл жасау, үркіп қалу*», былшетпе (былш+ет+пе-) «*ешқандай әрекет жасамау, дым білмегендей отыру*»;

- «Бесатар» шығармасында ақ және қара сөздеріне белгілі бір жұрнақтардың жалғануы арқылы бейнелеуіш сөздердің жасалғанын көруге болады. Бұл формадағы 4 сөз кездесті: ағараңда- (ақ+ар+аң+да-), ақжи- (ақ+*ж(ы)+и-), ақси- (ақ+*с(ы)+и-), қараңда-(қара+*(а)ң+да-).

Қорытынды

Мақалада Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» атты шығармасында қолданылған еліктеу сөздер жинақталып, оларға академик Әбдуәли Қайдардың «Имитативтер теориясы» еңбегі тұрғысынан талдау жасалды. Еліктеу сөздерге қатысты Түркия мен Қазақстанда жасалған зерттеулердегі маңызды көзқарастар мен пікірлер зерделеніп, салыстырмалы түрде ұсынылды.

«Бесатар» шығармасындағы еліктеу сөздерді зерттеу барысында «Имитативтер теориясы» еңбегіндегі имитативтердің құрылымдық даму жүйесіне жасалған практикалық

талдау басты назарға алынды. Шығармада еліктеу сөздер еліктеуіштер және бейнелеуіштер түрінде қолданылғаны анықталды. Бұдан бөлек, еліктеу сөз+көмекші етістік құрылымында қолданылған 4 сөз және түс атауларынан еліктеу сөз жасаушы жұрнақтардың көмегімен туындаған 4 сөз қолданылғаны белгілі болды. Мәтіннен табылған 140 еліктеу сөздің 18-і түркі тілдерінде ортақ қолданысқа ие екені, 122 сөз тек қазақ тілінде қолданылғаны анықталды. 65 сөз дара еліктеуіштерге, 15 сөз күрделі еліктеуіштерге, 36 сөз дара бейнелеуіштерге, 16 сөз күрделі еліктеуіштерге, 4 сөз еліктеу сөз+көмекші етістік формасына, 4 сөз түс аттарынан жасалған еліктеу сөздерге жатады.

Ғалымдар тілдердің шығу тегін еліктеу сөздермен тікелей байланысты екенін ескертеді. Сол себепті қазақ тіліндегі еліктеу сөздердің зерттелуі мен түркі тілдерімен байланысының анықталуы, олардың құрылымдық даму негіздерінің анықталуы маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ Университеті, 2003. – 284 б.
2. Хавай К. Аскар Сүлейменовун бесатар адлы есері үзеріне дил инджелемесі (магистрлік диссертация). – Орду, 2021. – 562 б.
3. Ысқақов А. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 186 б.
4. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тіліндегі имитативтер. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 304 б.
5. Зүлфикар Х. Түркчеде сес йансымалы келимелер. – Анкара: ТДК, 1995. – 700 б.
6. Бангуоглы Т. Түркченін грамері. – Анкара: ТДК, 2019. – 628 б.
7. Коджа Е. Дивану лугати'т-түрк'теки йансымалы сөзжүклерін гөрөв ве анламларына гөре сыныфландырылмасы, Түрк дүниясы, 36. с.
8. Жанжуа Д.К. Жапонджада йансымалы сөзжүклер (Магистрлік диссертация). – Анкара, 2000. – 265 б.
9. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
10. Коркмаз З. Түркия түрікшесі грамері: шекил билгисі. – Анкара: ТДК, 2019. – 1027 б.
11. Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы-сипаттамалы грамматикасы. Фонетика. Морфология. Екінші басылым. – Алматы: Қазығұрт, 2016. – 324 б.
12. Сүлейменов А. Бесатар. – Алматы: Атамұра, 2009. – 320 б.
13. Карахан Ф. Чагдаш түрк лехчелерінде йансыма келимелер (Магистрлік диссертация), Kars, 2011.

А. Озтюрк, К. Хавай
Университет Орду, Орду, Турция

Подражательные слова в произведении А.Сүлейменова «Бесатар»

Аннотация. Аскар Сүлейменов, живший в XX веке, является одним из самых ярких представителей казахской литературы. Произведения автора отличаются разным поэтическим стилем и ясным языком. Произведение «Бесатар» занимает свое место в казахской литературе с точки зрения идейного новаторства, нового подхода к национальному знанию, поэтическому языку и стилистическим особенностям. В «Бесатаре» использовано так много подражательных слов, что нетрудно заметить, что автор использовал эти слова целенаправленно, обогащая поэтический язык и эмоциональную окраску произведения.

В данной статье подражательные слова, использованные в произведении Аскара Сүлейменова «Бесатар», анализируются с позиций «Теории подражаний» и по-новому группируются. Путем сравнения подражательных слов в современных тюркских языках и подражательных слов в казахском языке в работе показаны подражательные слова, общие для тюркских языков.

Собранные подражательные слова были сгруппированы в виде имитаторов и визуализаторов в зависимости от того, как они были созданы, имитация слова+вспомогательное глагольное использование, имитация, сделанная из названий цветов. Имитаторы и образующие были обобщены и проанализированы в виде тех, которые употреблялись в единственном и сложном виде в зависимости от состава, а в зависимости от сферы структурного развития употреблялись в составе существительных, употреблялись в составе прилагательных и употреблялись в составе глаголов. Слова подражания, общие для тюркских языков, и слова подражания, встречающиеся только в казахском языке, были представлены в двух группах.

Ключевые слова: подражательные слова, Аскар Сулейменов, Бесатар, Теория подражаний, Звукоподражания.

A. Ozturk, K. Khavay
Ordu University, Ordu, Turkey

Analysis of imitative words used in A.Suleymenov's work «Besatar»

Abstract. Askar Suleymenov, who lived in the twentieth century, is one of the most prominent representatives of Kazakh literature. The author's works are distinguished by a different poetic style and clear language. The work "Besatar" has its own place in Kazakh literature in terms of ideological innovation, new approach to national knowledge, poetic language, and stylistic features. There are so many imitative words used in "Besatar" that it is not difficult to notice that the author used these words purposefully while enriching the poetic language and emotional coloring of the work.

In this article, the imitative words used in Askar Suleymenov's work "Besatar" are analyzed from the perspective of "Theory of Imitatives" and grouped in a new way. By comparing imitative words in modern Turkic languages and imitative words in the Kazakh language, imitative words common to Turkic languages in the work are shown individually.

The collected imitation words were grouped according to the way they were formed in the form of imitators and imagers, imitation word+auxiliary verb use, imitation words made from color names. Imitations and representations were collected and analyzed in the form of those used in the singular and complex depending on their composition, and those used in the bare form according to the scope of structural development, those used in the noun composition, those used in the adjective composition and those used in the verb composition. Imitative words common to Turkic languages and imitative words found only in Kazakh were shown in two groups.

Keywords: Imitative words, Askar Suleymenov, Besatar, Theory of Imitatives, Onomatopoeia.

References

1. Dadebaev, J. Kazirgi kazak adeviyeti. – Almaty: Kazak Universiteti, 2003. –284 b.
2. Khavay K. Askar süleymenov'unbesataradlieseriüzerine dil incelemesi, (Yüksek lisans tezi), - Ordu, 2021. – 562 b.
3. Yskakov A. Kazak tilining fonomorfologiyalyk kurulysyn tarihi turgydan saraptau: Oku kuraly. – Almaty: Y.Altynsarin atyndagy kazak bilim akademiyasynyn respublikalyk baspa kabineti, 1999 жыл. – 186 b.
4. Kaydar A. Gylymdagi gumyr. Kazak tilindegi imitativter. – Almaty: Sardar baspa uyi, 2014. – 304 b.
5. Zülfikar H. Türkçede Ses Yansımali Kelimeler. – Ankara: TDK Yayınları, 1995. – 700 s.
6. Banguoğlu T. Türkçenin grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2019. – 628 s.
7. Koca E. Divanü lûgati't-türk'teki yansımali sözcüklerin görev ve anlamlarına göre sınıflandırılması, Türk Dünyası 36. Sayı.
8. Janjua D. K.Japoncada Yansımali Sözcükler, (Yüksek lisans tezi), Ankara, 2000.
9. Yskakov A. Kazirgi kazak tili. – 2-basylymy. Filologiya fakultetteri studentterine arналган okulyk. – Almaty: Ana tili, 1991. – 384 b.
10. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri: Şekil Bilgisi. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2019. – 1027 s.
11. Tuymebayev J., Sagidolda G. Kazak jane turik tiderinin salystyrmaly-sipattamaly grammatikasy. Fonetika. Morfologiya. Ekinshi basylym. – Almaty: Kazygurt, 2016. – 324 b.
12. Suleymenov A. Besatar. – Almaty: Atamura, 2009. – 320 b.
13. Karahan F. ÇağdaşTürk lehçelerinde yansımali kelimeler, (Yüksek lisans tezi), Kars, 2011.

Авторлар туралы мәлімет:

Өзтүрк А. – Орду университеті, ғылым және әдебиет факультеті, түрік тілі мен әдебиеті қазіргі түрік тілдері мен әдебиеттері бөлімінің қауымдастырылған профессоры, доктор PhD.

Хавай К. – Орду университеті, түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің докторанты.

Озтюрк А. – доцент кафедры турецкого языка и литературы факультета науки и литературы, Университет Орду, доктор PhD.

Хавай К. – докторант кафедры турецкого языка и литературы, Университет Орду.

Ozturk A. - Associate Professor of the Department of Turkish Language and Literature of the Faculty of Science and Literature of Ordu University, Doctor PhD.

Khavay K. – PhD student of the Department of Turkish Language and Literature, Ordu University.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).